

Диагностика

Баламен байланыс жасап, әңгіме жүргізгеннен кейін оған келесі тапсырмаларды ұсыну:

Тапсырма 1. «Пішіндер қорабы» (қабылдау)

Мақсаты: пішіндерді қаншалықты қабылдағанын анықтап, баға беру және кеңістік қатынасты, қабылдау дағдыларын бақылау; пішіндердің кеңістікте орналасуын талдау жасау дағдылары.

Өтілу барысы:

Баланың алдына бүктелген пішіндер және қиындылармен қорап қойылады.

(Сегена тақтасы) (сурет 2), пішіндерді алады. Ережесі: «Бұл үйшікте ойыншықтар мекендейді. Әрқайсысының өзінің есіктері бар. Әр пішіннің есіктерін орналастыр.»

*Балалар шамамен көру арқылы тапсырманы орындайды-2 балл.

*Бала көзбен жиі өлшем жасайды, пішіннің қиындысысын қайта-қайта қойып, сәйкес орнына қою арқылы тапсырманы орындайды-1 балл.

*Бала тапсырманы орындай алмады-0 балл.

Хаттамада бала тапсырманы қалай орындағаны (көру немесе қайталау әдісі арқылы) түртіліп, белгіленеді, «Қосымша» бөлімінде бала тапсырманы орындаған кезде айтылған сөздері тіркеледі, сонымен қоса баладан таныс пішіндердің атауларын атауға тапсырма беру (мысалы, төртбұрыш, тіктөртбұрыш) және бала бұл тапсырманы орындай алды ма.

Диагностика

Тапсырма 2. «3 түрлі құрастырмалы матрешка»(қабылдау,саусақ қимылдары)

Мақсаты:бала ережені қаншалықты түсінгенін анықтау,қабылдау дағдыны анықтау,көрнекі-қозғалыс ойлау қабілетінің деңгейін бағалау.

Өтілу барысы:

Балаға матрешканы көрсетеді,психолог ойыншықты шашып тастайды,содан соң қайтадан жинап,құрастырады.Одан кейін матрешканы балаға береді және оған қайталауға тапсырма беріледі.Бала ең үлкен және ең кішкентай матрешканы көрсету керек,бой-бойымен орналастыру қажет.

Бағалау критерийлері:

*Бала ережені түсініп,өздігімен қайталау арқылы матрешканы шашып қайта құрады-2балл.

*Бала үлкендердің көмегімен тапсырманы орындайды-1балл.

*Бала тапсырманы орындай алмайды-0балл.

Хаттамада баланың тапсырманы қаншалықты орындағаны туралы жазылып,тіркеледі, «Қосымша» бөлімінде-бала матрешкаларды бой-бойымен орналастырғандығы туралы мәлімет тіркеледі.

Тапсырма 3. «Қиылған суреттер 2-3 құрылымды» (ойлау, қабылдау) (Қосымша 1)

Мақсаты: көрнекі-қозғалыс ойлау қабілетінің дамуын бағалау, көру дағдысының деңгейін анықтау (элементтер бірлестігін біртұтас бейнеге қалыптастыру).

Өтілу барысы:

Баланың алдына екіге бөлінген сурет беріледі. Бөліктерді тек қозғау үшін орналастырмау, сондай-ақ қажетті кеңістік жағдай туғызу. Ересектер былай деп сұрақ қояды: «Қалай ойлайсың, бұл суретте не салынған? Екі бөлікті қосқанда не шығады?»

Тапсырманы орындап болғаннан кейін сурет алынады, содан соң үш бөліктен тұратын суретті ұсынады және соған байланысты тапсырма беріледі.

Бағалау критерийлері:

*Екі тапсырманың суреттерін дұрыс жинап, суреттерде не салынғанын тапты-2балл.

*Бала қайталау арқылы тапсырманы орындады-1балл.

Бала қайталау әдісін көп қолданып, тапсырманы орындай алмады-0балл.

Хаттамада бала тапсырманы орындаған кезде суретті таба алды ма және қанша рет қайталап орындағандығы туралы жазылады, «Қосымша» бөлімінде бала қай қолмен жұмыс жасағаны туралы тіркеледі.

Тапсырма 4. «Түрлі түсті кубиктер» (қабылдау)

Мақсаты: түстердің қабылдауын анықтауы және бағалау, оларды сәйкестендіру, ұқсастықтарын табу, түстердің атауларын білу, ауызша нұсқау бойынша жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Өтілу барысы:

Психологпен балада бірдей түстер жиынтық кубиктер бар (көк, сары, жасыл, қызыл).

1) Психолог кубиктің біреуін алып, балаға дәл осындай кубиктің көрсетуін өтінді. Басқа кубиктермен де осындай тапсырмалар орындалады.

2) Балаға қызыл кубикті көрсетуін өтінеді, содан кейін көк, сары және жасыл.

3) Психолог кезекпен кубиктерді алып, балаға қандай түс деп сұрақ қойып отырады.

Бағалау критерийлері

*Бала кубиктерді дұрыс көрсетіп, атауларын айтады-2балл.

*Бала кубиктерді дұрыс көрсетеді, бірақ атауларын шатастырады-1балл.

*Бала тапсырманы орындай алмады-0балл.

Хаттамада бала 3 тапсырманы қалай орындайтыны және қандай түсті білмей қалғандығы туралы жазылып, тіркеледі.

Тапсырма 5. «Жұп суреттер» (зейін,жалпы қабылдауы) (Қосымша 2.1;2.2)

Мақсаты: белгілі бір заттың қабылдау дағдысын бағалау, ұсынылған бір затқа зейінін шоғырландыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Өтілу барысы:

*Бала суретте не бар екенін айтып, оның жұбын тапты-2балл.

*Бала 3-5 суретті тауып, бірақ тапсырманы орындаған кезде қиындық көрді-1балл.

*Бала үш суреттің тек біреуін атады және оған жұп таба алмады-0 балл.

Қай заттар дұрыс аталған жоқ және қандай сөзбен алмастырылды, осы мәліметтер туралы хаттамада түртіліп, белгіленеді.

Тапсырма 6. «Не жоқ,соны тап.»(есте сақтау қабілеті)

Мақсаты: есте сақтау қабілетінің меңгеруін бағалау,ережені түсіну,зейінін дамыту.

Өтілу барысы:

Баланың алдына 6 ойыншық орналастырылады және оған атауларын айтуға тапсырма беріледі.содан кейін бала көзін жұмады,ал психолог 2 ойыншықты алып тастайды: «Қазір ойыншықтар сенімен тығылыспақ ойынын ойнайды.Сен көзіңді жұмасың,ал кейбір ойыншықтар тығылады.Сен көзіңді ашқаннан кейін қай ойыншықты көрмей тұрғанын айт.»

Бағалау критерийлері.

*Бала 2 ойыншықты есіне сақтады-2балл.

*Бала 1 ойыншықты есіне сақтады-1 балл.

Бала ешқандай ойыншықты есіне түсіре алмады немесе ойын ережесін түсінбеді-0 балл.

Хаттамада неше ойыншық есіне сақтағандығы туралы жазылады.

Нәтижелерді бағалау.

Жоғары деңгей-8-12балл.Орта деңгей-5-7балл.Төменгі деңгей-0-4балл.